

Тексерілді
«Нұрлы» «Мектеп -
бөбекжай» - балабақша кешені»
менгерушісі
 Ж. С. Бердимбетова.

Ботақан ерте жас тобы

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы: «Менің Отаным»

Тәрбиешілер: Раймбаева А.О

Сатынбекова Қ

2020-2021 ж

Тақырыбы: «Менің Отаным Қазақстан»

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны, Елтаңбасы, және туы туралы біледі. Өз Отанына деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: асық, сандық, ұнтаспа, ҚР картасы, Нұр-Сұлтан қаласының суреті.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелеу, диалог, өздік жұмыс, топпен жұмыс т.б.

Оқу қызметінің түрі: ойын оқу қызметі

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері

Үлкенге сіз

Кішіге де сіз

Барша жанды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

Тәрбиеші: балаларға сандық көрсетеді. Сандықтың ішінде 7 асық бар екен. Әр асықтың өз тапсырмасы бар. Ойынның аты жеті тас деп аталады екен. Балалар, егерде сендер осы асықтың тапсырмасын дұрыс орындасандар, бізді ойын күтіп тұр. Тапсырманы орынд

Балалар: ия, дайынбыз.

1. Асық «ақ»

Тапсырма: Қазақстан Республикасының әнұранын айт.

2. Асық «көк»

Тапсырма: сұрақ-жауап

-Біздің Отанымыз қалай аталады?

Икрам: біздің Отанымыз Қазақстан.

-Отан дегенді қалай түсінесіңдер?

Абылай: Отан –ол біздің жеріміз.